



ЖАҢҒЫРУДЫҢ
ЖАҢА КЕЗЕҢІ

2

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №2-3 (6681) 9 қаңтар, жұма, 2026 жыл. | www.aqshamnews.kz

12+

Дархан САТЫБАЛДЫ:

«КӨМЕК ӘРДАЙЫМ ЖАҚЫН БОЛУЫ ТИІС»

Алматыда азаматтық қорғаудың екі маңызды нысаны іске қосылды

Алматыда қала әкімі Дархан Сатыбалды мен ҚР Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әріновтің қатысуымен азаматтық қорғау жүйесінің бірден екі маңызды нысаны – «Shymbulak» тау-шаңғы курортына іргелес таулы аумақта орналасқан әмбебап құтқару бөлімшесі және қаланың іскерлік құрылыс аймағында орналасқан №15 өрт сөндіру бөлімшесі салтанатты түрде ашылды.



3

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ

АЛМАТЫ – ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ ЖАСТАР АСТАНАСЫ

2025 жыл Алматы қаласы үшін жастар саясаты мен халықаралық жастар ынтымақтастығын дамыту жолындағы маңызды кезеңге айналды. Бұл туралы Алматы қаласының Жастар саясаты басқармасының өкілдері хабарлады.

Тарихта тұңғыш рет Алматыға «Түркі әлемінің Жастар астанасы – 2025» мәртебесі беріліп, бұл шаһардың түркі мемлекеттері жастарының бастамасын біріктіретін, пікір алмасу мен мәдени ықпалдастықтың алтын көпіріне айналғанын айғақтады.

Аталған мәртебенің ресми ашылу салтанаты 2025 жылы 18 тамызда Түркі мемлекеттері ұйымының (ТМҰ) IV Халықаралық жастар фестивалі аясында өтті. Салтанатты жиынға Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркия және Өзбекстаннан келген бес мемлекеттің өкілдері қатысты. Әр ұлттық делегация 10 адамнан құралды. Сонымен қатар, іс-шараға бақылаушы мемлекеттер – Венгрия мен Түрікменстаннан келген делегаттар қатысты.

Түркі әлемінің Жастар астанасы мәртебесі Алматыға 2024 жылы осы миссияны атқарған Ленкеран қаласынан (Әзербайжан) ресми түрде табысталды. Алматы жастарына символдық кілттің берілуі бауырластықтың, ортақ құндылықтардың сабақтастығы мен халықаралық жастар ынтымақтастығын нығайтудың жарқын көрінісі болды.

2025 жылы Түркі әлемінің Жастар астанасы мәртебесі аясында және ТМҰ-ның



қолдауы мен қатысуымен Алматыда бірқатар маңызды халықаралық іс-шара ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, 2026 жылы да түркі мемлекеттері арасындағы жастар ынтымақтастығын дамыту жалғасын табады. Алматыда «Digital Turkic Youth» форумы, Түркі мемлекеттері ұйымы Жастар платформасының

III Бас ассамблеясы, V Халықаралық жастар лагерінің өткізілуі және ТМҰ елдері арасында Студенттік экологиялық хабтың құрылуы жоспарланған. Жыл қорытындысы ретінде Түркі әлемінің Жастар астанасы мәртебесін жабу рәсімі өтіп, эстафета келесі қалаға табысталады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



www.aqshamnews.kz



■ ПРЕЗИДЕНТ

АЙҚЫН МАҚСАТТАР ТҰЖЫРЫМДАЛҒАН СҰХБАТ

мен оны шешу жолдарындағы ахуалынан хабардар боласың. Әлбетте, өткен жылы елімізде іргелі істер көп болды. Күрделі геосаяси оқиғаларға қарамастан, елімізде бекем тыныштық сақталды, адамдардың бірлігі мен ынтымағы жарасым тапты. Мемлекет басшысы осы туралы ашылып сөйлепті. Сұхбат барысынан еліміздің даму барысының архитектурасын жаңғырту жолындағы айрықша бетбұрысты көреміз. Болашақта жаңа заман талаптарына лайықты тың жолмен дамудың негізгі алғышарттары айқын көрсетілген. Ондағы бастамаларды жүзеге асыру арқылы ел әлеуеті артып, экономикасы нығайып, жаңа даму деңгейі көтерілетіні әңгіме арқауына айналған. Бұл халқымызға болашаққа деген сенім ұялатады. Осы даму жолында бірлігімізді танытып, жұртшылық мүддесін алғашқы орынға қоюымыз керек. Ол – ХХІ ғасырдың сын-қатерлеріне жауап беретін кепіл болмақ. Ең бастысы, ойға алған мақсатымызды орындауда халқымыздың бойында жасампаздық пен ерік-жігер бар.

Президент «Түркістан» газетінің ықпалды газет екендігін және атының өзінде үлкен мағына бар екендігіне тоқталған. Әрі басылымды тұрақты оқып отыратындығын аңғартады. Расында, қазіргі ақпараттық кеңістіктегі үдеріске қарап отырсақ, адамдар түбі шынайы ақпарат көзі ретінде газет-журнал оқуға қайтып оралатынын аңғаруға болады. Ғылыми-техникалық прогрестің түбіне жеткен жапон елі қазір жаппай мерзімдік басылымға көңіл бөліп отыр. Жапония – ХХ ғасырдың ортасында катаклизмді басынан өткерген ел

болатын, өйткені олар сол тұста мерзімдік басылымдарды оқи отырып, тез ес жиған. Өткен ғасырдың 80-жылдары Жапония премьер-министрі Накасонэ: «Әлемдік ғажайыптың түк құпиясы жоқ, өйткені біз, оттан, судан өткен отандық басылымдарды оқимыз» деген ой айтқаны бар. Накасонэ айтпақшы, сол тұста елде шығатын ықпалды басылымдарды тілдесудің гармониялық үйлесімі ретінде көрген. Оның әрбір жолында моральдық қағида жатқандығын сезінген. 30 жылдан бері тұрақты шығып келе жатқан «Түркістан» газеті де, халықаралық қауымдастыққа танымал ең беделді басылымдардың бірі. Мемлекет басшысының сұхбатынан да осы аңсауды көреміз.

Қазақ халқы – өнертапқыштыққа, жаңашылдыққа бейім халық. Егер бірлік пен ынта танытсақ, таяу арада өркениетке ұмтылған елдердің қатарынан табылатынымыз анық. Қазіргі таңда әрбір сала жасанды желілермен бәсекеге түсетін болады. Бұдан қоғамның түк жасандылығы жоқ шынайы, көзге тіке қарайтын адамдарды көргісі келетінін байқайсың. Ол үшін – білім, жаңа ой керек.

Конфуций ілімінің «Төрт кітабының» бірі – ұлы ілімді, өнегелі тәрбиені, отбасын сақтауды, елді жақсы жағынан басқаруды және әлемде бейбітшілік сақтауға үлес қосуға үндейді. Оның түп-төркінінде

идеалды қоғам құру идеясы жатыр. Біз сұхбаттан да осындай шақыруларды көрдік. Президенттің «Жаңа Қазақстан» идеясы жастарға қоғам өмірінің барлық саласында бұрын-соңды болмаған мүмкіндіктер ашып отыр. Бүгінгі таңда елімізде 5 миллионнан астам жас өмір сүріп жатыр. Бұл деген әлеуетті үлкен күш. Сұхбатта жастар туралы жарқын сөздер бар. Сондықтан сұхбат туралы ұжымдарда, халық арасында тиісті деңгейде ақпараттық-насихаттық жұмыстарын жүргізу аса маңызды.

Ол адамдардың Отанына деген намысын туындатып, қалыптастыратын факторлардың бірі ретінде өз елінің жетістігіне және қазіргі заман мәселелерінің шешілуіне жауапкершілікпен қарауға септігін тигізеді анық. Ондай сезім сол елде жасалған игі істерді туындатып жатады. Бұл тұрғыда да сұхбатта нақты жауаптар бар.

Президент сұхбатында экономикалық тақырыптармен қатар шаруашылық сипаттағы тың тақырыптар да қозғалған. Әсіресе, қалалар мен ауылдардың инфрақұрылымын дамыту дер кезінде қозғалған. Біз шын мәнінде аталмыш мәселелерге өткен жылдары тиісті көңіл аудармаған болсақ, енді бұл жөнінде жергілікті атқарушы органдарға ойланатын нақты мәселелер көтеретін мезгіл жетті. Әңгіме ауаны – ұлттың ортақ мақсаттары мен алға жылжуын нығайтуды көздеген ниетті көрдік.

А.БИЖАНОВ,
Алматы қалалық Ардагерлер
кеңесінің төрағасы,
ҚР Сенаторлар кеңесінің мүшесі.

■ САРАПТАМА

ЖАҢҒЫРУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Президент сұхбатында қандай стратегиялық міндеттерді айқындады?



қоғамда көтерілген мәселелерге жауап берді.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ РЕФОРМА ЖАЛҒАСАДЫ

Мемлекет басшысы «2025 жылдың басты нәтижесі қандай?» деген сұраққа берген жауабында экономика 6 пайыздан астам өскенін, ішкі жалпы өнім 300 млрд. долларға жеткенін, еліміздің реформаларды жүзеге асыруға біржола бет бұрғанын алға тартты. Президент мұнда экономикалық реформалар туралы айта отырып, негізгі түйткілді мәселе жоғары деңгейдегі инфляция екенін мәлімдеді.

Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сүйенсек, 2025 жылы қаңтар-қараша айындағы жылдық инфляция 12,4% болған. Осыған сай Президент дер кезінде тапсырма беріп, мемлекет тиісті шараларды қабылдай алды. Мұның керісінше болғанда, көрсеткіш бұдан да жоғары болуы әбден мүмкін еді. Президент сұхбатынан көріп тұрғанымыздай, бір жағынан жауапты мемлекеттік органдар инфляцияны ұстап тұру үшін шаралар қабылдаса, екінші жағынан экономикалық реформа жалғаса береді. Біз бұл кезеңнен өтуге тиіспіз. Себебі, ұзақ жылдар бойы жасалмаған реформаның мұндай салдары болары бәрімізге белгілі еді.

Мемлекет басшысы сұхбатында экономикалық реформаны тек салық реформасымен шектелмегенін де жеткізді. Онда көлік және логистика, ауыл шаруашылығы, туризм, ЖИ мен цифрландыру, ядролық энергетика салалары өсім драйвері ретінде айқындалған.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



2. Тауарлар мен тарифтер бағасының өсуі. Соңғы жылдары қолға алынған экономикалық реформалар тауарлардың бағасы мен қызметтердің тарифіне салмақ салды. Мұндай орынды сын халық тарапынан айтылуда. Бұған қатысты Президент Мемлекет басшысы ретінде жауапкершілікті өз мойнына алатынын мәлімдеді. Мұндай мәлімдемені жасау саяси жігерді талап етеді. Сондықтан мұны бағытталған мәлімдеме деп айта аламыз.

Осындай жауапкершілікті сезінген Мемлекет басшысы халық пен бизнес өкілдерінен келіп түскен талап-тілектерді ескеріп, инфляцияны төмендету туралы тапсырма берді. 2025 жылы қарашада Үкімет, Ұлттық банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту Агенттігі бірлесіп Президент тапсырмасын орындау аясында үш жылдық жоспар дайындады. Құжаттық мақсаты азаматтардың әл-ауқатын жақсарту.

3. Отандық кәсіпкерлердің әлеуметтік жауапкершілігі. Сұхбатта қазақстандық ірі кәсіпкерлердің әлеуметтік

жауапкершілігі мен жария өмірі сөз болды. Бұған қатысты Президент бизнес өкілдеріне қайырымдылық жұмыспен айналысуға кеңес берді.

4. Заңсыз иемденген активтерді мемлекетке қайтару. Мемлекет басшысы 2025 жылғы Жолдауда Заңсыз иемденген активтерді мемлекетке қайтару құрылымы Инвесторлар құқығын қорғау комитетіне айналатынын мәлімдеген. Бұл шешім қоғамда қызу талқыға түсті. Активтерді қайтару үдерісі тоқтап қалмай ма деген күдік пайда болды. Президент сұхбатта мұны жоққа шығарып, бұл жұмыстың жалғаса беретінін айтты.

5. Сыбайлас жемқорлықпен күрес. Қоғамда қызу талқыландырылған келесі мәселе Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің таралуы болды. Мемлекет басшысы мұндай шешім қабылдауға екі мемлекеттік органның бір міндетті қабаттаса атқаруы себеп болғанын айтты.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы қорғаныс, әлеуметтік қолдау, жол-көлік қауіпсіздігі, елдің сыртқы саясаты секілді

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Turkistan» газетіне берген сұхбаты елімізде 2026 жылдағы жаңа бір саяси парағын ашқандай болды. Жыл сайын мерзімді баспасөзге осындай ауқымды сұхбат беру саяси дәстүрге айналып келеді. Бұған дейін 2024 жылы «Egemen Qazaqstan», 2025 жылы «Ана тілі» газеттеріне сұхбат берген еді. Президент әдеттегідей бұл жолы да сұхбатта өткен жылға қорытынды жасап, халықты толғандырған сұрақтарға жауап берген. Сондай-ақ, алдағы уақытта атқарылуы тиіс міндеттерге тоқталды.

ҚОҒАМДА КӨТЕРІЛГЕН МӘСЕЛЕЛЕРГЕ ЖАУАП

Алдымен осындай сұхбат форматының ерекшеліктеріне тоқталып өтейік. Ең әуелі, мерзімді баспасөзге сұхбат беру саяси дәстүрге айналуда. Бұл қоғаммен диалог форматы болып саналады. Сондай-ақ, Президент сұхбат арқылы жаппай цифрландыру кезеңінде мерзімді баспасөзге қолдау көрсетуде.

Екіншіден, барлық сұхбатта ішкі саяси мәселелерге көбірек мән беріледі. Бұл «Президент ішкі саясаттан гөрі, сыртқы саясатқа көбірек ден қояды» деген сынның орынсыз екенін көрсетеді.

Сұхбатқа келер болсақ, онда қоғамда көтерілген мынадай мәселелерге жауап берілген:

1. Жаңа Салық кодексі. 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап елімізде жаңа Салық кодексі өз күшіне енді. Салық реформасы бірнеше жылдан бері талқыланды басты тақырып болды. Ұзақ талқыдан кейін, түрлі түзетулер енгізіліп, жаңа кодекс қабылданды. Президент сұхбатта министрлер кабинетінің тапсырмасын қаншалықты табысты орындап шыққаны биыл белгілі болады деді.



Дархан САТЫБАЛДЫ:

«КӨМЕК ӘРДАЙЫМ ЖАҚЫН БОЛУЫ ТИІС»

Алматыда азаматтық қорғаудың екі маңызды нысаны іске қосылды

Ернұр
РЫСБАЙ

(Басы 1-бетте)

Биік таулы аймақта құтқару бөлімшесін ашу Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларын орындау аясында жүзеге асырылды. Президент туризмді дамыту барысында адамдардың қауіпсіздігі әрдайым бірінші орында тұруға тиіс екенін бірнеше рет атап өткен болатын. Ұзақ уақыттан кейін алғаш рет таулы аумақта күрделі табиғи және климаттық жағдайға бейімделген мамандандырылған бөлімше пайдалануға берілді.

Алматы 2025 жылғы ең үздік туристік бағыттардың бірі ретінде заңды түрде танылып отыр. Туристік ағынның артуы, тау бағыттарының дамуы және курорттық инфрақұрылымның кеңеюі төтенше жағдайлардың алдын алу мен жедел әрекет ету жүйесін күшейтуді талап етеді. Жаңа нысан туристік аймақтағы қауіпсіздік деңгейін едәуір арттырып, құтқару қызметтерінің жету уақытын қысқартуға мүмкіндік береді.

Өрт сөндіру және құтқару инфрақұрылымын дамыту жөніндегі осы жүйелі жұмыс аясында қалада №15 өрт сөндіру бөлімшесі ашылды. Бөлімше Алматының орталық бөлігін, оның ішінде «Көктем-1», «Көктем-2», «Көктем-3», «Алмагүл», «Таугүл» шағынаудандарын, сондай-ақ бірқатар ірі тұрғын үй кешендерін өрттен қорғауды қамтамасыз етеді. Қызмет көрсету аумағында 30 мыңнан астам адам тұрады, 120-дан



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

астам коммерциялық нысан жұмыс істейді.

Өрт сөндіру бөлімшесі алты техникаға арналған тұраққа есептелген және заманауи техникалармен, соның ішінде автоцистерналармен, автосатылайтын баспалдақпен және жедел көлікпен толық жабдықталған. Бөлімшенің штаттық саны 52 қызметкер, бұл тәулік бойы кезекшілік пен төтенше жағдайларға жедел әрекет етуді қамтамасыз етеді.

Нысанды жобалау және салу кезінде қызмет атқару жағдайына ерекше көңіл бөлінді. Ғимаратта әкімшілік-тұрмыстық блок, автономды инженерлік жүйелер, қауіпсіздік және бейнебақылау жүйелері қарастырылған. Жеке құрамды даярлау және қалпына келтіру үшін кәсіби залы, воркаут-аймағы және де-

малыс бөлмелері бар оқу-жаттығу орталығы құрылды.

Іс-шара барысында Алматы қаласының әкімі өрт сөндіру және құтқару инфрақұрылымын дамыту қаланың қауіпсіздік саласындағы саясатының маңызды бөлігі екенін атап өтті.

— Қала тұрғындары мен қонақтарының қауіпсіздігі — біздің сөзсіз басымдығымыз. Біз таулы аумақтарда да, тұрғын аудандарда да өрт сөндіру және құтқару инфрақұрылымын жүйелі түрде нығайтып келеміз. Көмек әрдайым жақын болуы, ал әрекет ету барынша жедел болуға тиіс, — деді Дархан Сатыбалды.

Қазіргі уақытта Алматы қаласының қауіпсіздігін өртке қарсы қызметтің 20 бөлімшесі, сондай-ақ Құтқару қызметінің, Республикалық жедел-құтқару

жасағының, әскери бөлімнің, Апаттар медицинасы орталығы филиалдарының және «Қазселденқорғау» күштер қамтамасыз етіп отыр. Сонымен қатар, әкім атап өткендей, қаланың даму қарқынын ескерсек, бұл күштер жеткілікті.

Дархан Сатыбалдының айтуынша, қолданыстағы нормативтерге сәйкес Алматыда кемінде 35 өрт сөндіру депосы жұмыс істеуге тиіс және қала бұл көрсеткішке кезең-кезеңімен жақын-дап келеді. Бүгінге дейін екі әмбебап өрт сөндіру депосы пайдалануға берілді, тағы екеуі ашылуға дайындалып жатыр. Осы жылдың соңында Наурызбай ауданының «Шұғыла» шағынауданында алты шығу бағытына арналған өрт сөндіру депосының құрылысын аяқтау жоспарланып отыр.

Материалдық-техникалық базаны жаңартуға да ерекше назар аударылуда. Қазіргі таңда қаладағы өрт сөндіру бөлімшелерінің жарағында 179 бірлік өрт сөндіру автотехникасы бар, жарақтандыру деңгейі белгіленген норманың 95% - ын құрайды. 2025 жылы жергілікті бюджет қаражаты есебінен 33 бірлік өрт сөндіру және құтқару техникасы сатып алынды, бұл өткен жылмен салыстырғанда, айтарлықтай жоғары көрсеткіш.

Іс-шара соңында қала әкімі өрт сөндіру қызметі мен құтқару бөлімшелерінің жеке құрамына кәсібилігі, ерлігі және кез келген сәтте көмекке келуге дайын екені үшін алғыс білдіріп, жаңа арнайы техниканың кілттерін табыстады. Сондай-ақ, қызметкерлерге қауіпсіз қызмет пен қаланың игілігі жолындағы табысты жұмыс тіледі.

ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІКТЕР ДАМИДЫ

Қала әкімі Әуезов ауданындағы жөндеу және абаттандыру жұмыстарының барысымен танысты



Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды жұмыс сапарымен Әуезов ауданындағы бірқатар маңызды нысанды аралап, жөндеу, қайта жаңғырту және жобалау жұмыстарының барысымен танысты. Сапар барысында қалалық инфрақұрылым мен қоғамдық кеңістіктерді дамытудың басым бағыттары талқыланып, алдағы міндеттер айқындалды.

Жұмыс сапары Әуезов ауданы әкімдігінің аппаратынан басталды. Қазіргі уақытта мұнда әкімшілік ғимаратқа күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Нысанды аралау кезінде қала әкіміне құрылыс-монтаж және инженерлік жұмыстардың орындалу кезеңдері, бекітілген мерзімдердің сақталуы, сондай-ақ атқарылып жатқан

жұмыстардың сапасы туралы толық ақпарат ұсынылды. Ғимараттың ішкі жоспарлануын жетілдіру, инженерлік желілерді жаңарту, қызметкерлер мен келушілер үшін қолайлы жағдай жасау, сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолжетімді орта қалыптастыру мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Бұдан кейін Дархан Сатыбалды Н.Саң атындағы балалар мен жасөспірімдер театрының қайта жаңғырту жұмыстарының барысымен танысты. Сапар барысында ғимараттың сәулеттік келбеті мен функционалдық мүмкіндіктерін сақтауға бағытталған құрылыс-монтаж жұмыстары, қолданылып жатқан техникалық шешімдер жан-жақты талқыланды. Қала әкімі қайта жаңғырту үдерісіне жүйелі бақылау жүргізу, сондай-ақ орындалатын жұмыстардың сапасына қойылатын талаптардың қатаң сақталуын қамтамасыз ету жөнінде нақты тапсырмалар берді.

Жұмыс сапары Сайран көлі маңындағы аумақты және Үлкен Алматы өзені арнасына іргелес жатқан учаскені аралаумен қорытындыланды. Көшпелі талқылау барысында аумақтың қазіргі жай-күйі зерделеніп, оны одан әрі дамыту мәселелері қаралды. Қала әкімі бұл аумақты абаттандыруда кешенді тәсілдің маңыздылығын атап өтіп, жоспарлау шешімдерін біріздендіру, қоғамдық кеңістіктің біртұтас әрі логикалық құрылымын қалыптастыру, сондай-ақ тұрғындардың қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз ету қажеттігіне ерекше назар аударды.

Әзірлеген Қ.ЖҰМАДІЛОВА.

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

«ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КАЛЕЙДОСКОП»

Алматылық оқушылар арасында жалпықалалық экологиялық челлендж басталды



Алматы қаласында балалар амен жасөспірімдердің экологиялық мәдениетін арттыруға, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыруға және цифрлық шығармашылық дағдыны дамытуға бағытталған «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында жалпықалалық экологиялық челлендж басталды.

Рая
ЕСКЕНДІР

Қала оқушылары арасында экологиялық сананы күшейту мақсатында электронды экологиялық ашықхаттар жасауға арналған «Экологиялық калейдоскоп» жалпықалалық онлайн-челленджі басталды. Бастамаға Алматы қаласындағы білім беру ұйымдарының 1–11-сынып оқушылары қатысып жатыр.

Челлендждің негізгі мақсаты — білім

алушылардың экологиялық жауапкершілігін қалыптастыру, экологиялық сауат деңгейін арттыру, цифрлық және шығармашылық құзыретін дамыту, сондай-ақ табиғатты қорғау идеяларын кеңінен насихаттау.

Челлендж аясында оқушылардың қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды сақтау мәселесіне назарын аудару, олардың креативті және цифрлық дағдысын дамыту, экологиялық мәдениетті дамыту міндеттері жүзеге асырылмақ.

Қатысушылар графика, коллаж және анимация форматтарында электронды экологиялық ашықхаттар дайындайды. Жұмыстарда қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды сақтау, қалдықтарды бөлек жинау, су мен энергияны үнемдеу, сондай-ақ «Таза қала — қауіпсіз болашақ» тұжырымдамасы сияқты тақырыптық бағыттар қамтылады.

Челлендж бірнеше кезеңнен тұрады. Ақпараттық кезеңде білім беру ұйымдарында қатысу шарттары түсіндіріледі. Шығармашылық кезеңде оқушылар электронды экологиялық ашықхаттар әзірлейді. Челлендж-эстафета кезеңінде дайын жұмыстар әлеуметтік желілерде #ЭкологиялықКалейдоскоп, #ЭкоАлматы, #ТазаҚазақстан хэштегтерімен жарияланады. Қорытынды кезеңде ең белсенді қатысушылар мен үздік жұмыстардың авторлары марапатталады.

Аталған челленджді өткізу оқушылардың экологиялық санасын арттыруға, шығармашылық әлеуетін дамытуға және қоршаған ортаға жауапты қатынас мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.



■ ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

ИНЖЕНЕРЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

қоғамның тұрақты дамуы үшін маңызды сала



Мемлекет басшысы биылғы жылды «Цифрландыру мен жасанды интеллектіні дамыту жылы» ретінде жариялады. Цифрландыру бағытта Алматы қаласының өзге өңірлерге үлгі боларлық тәжірибелері бар. Қаламызда қазір басқару жүйесін жетілдіру, сондай-ақ тұрғындарға көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру бағытында жүйелі жұмыстар атқарылып жатыр.

**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Шаһар басшысы Дархан Сатыбалды қаланың сумен жабдықтау, жылумен қамту және электр энергетикасы салаларындағы диспетчерлік қызметтерін тексеріп, инженерлік инфрақұрылымды басқаруда цифрлық шешімдер мен жасанды интеллект енгізу барысымен танысты.

«АЛМАТЫ СУ»: су жүйесі онлайн бақылауда

Қала әкімінің жұмыс сапары «Алматы Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының диспетчерлік қызметінен басталды. Мұнда су құбыры мен кәріз желілерінің жай-күйін онлайн-режимде бақылауға мүмкіндік беретін орталықтандырылған басқару жүйесінің жұмысы таныстырылды.

Жүйе қысымды тұрақты қадағалап, ықтимал апаттық жағдайларды ерте анықтауға және жедел бригадалардың жұмысын үйлестіруге мүмкіндік береді. Барлық негізгі үдерістер бірыңғай цифрлық контурға біріктірілген. Бұл деректерге сүйене отырып тәуекелдерді дер кезінде анықтап, шешім қабылдауға жағдай жасайды.

«АЛМАТЫ ЖЫЛУ ЖҮЙЕСІ»: дәл әрі болжамды басқаруға болады

Келесі нысан – «Алматы жылу жүйесі» ЖШС-нің диспетчерлік қызметі. Мұнда шаһар басшысы қаланы жылумен қамту орталықтандырылған цифрлық басқа-

ру жүйесі арқылы жүргізу тәжірибесімен танысты.

Жүйе нақты уақыт режимінде жылу желілерінің жұмыс параметрлерін бақылап, жүктемені талдайды және проблемалы аумақтарды жедел оқшаулауға мүмкіндік береді. Бұл шешім жылу беру маусымындағы тұрақтылықты арттырып, апаттық тәуекелдерді азайтады.

«АЛМАТЫ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯЛАРЫ»: жасанды интеллект қауіпсіздікті күшейтті

Сапар барысында «Алматы электр станциялары» АҚ-ның орталықтандырылған бақылау пунктіне ерекше назар аударылды. Мұнда жасанды интеллект элементтері енгізілген жаңартылған бейнебақылау жүйесі қолданылады. Өндірістік нысандарда 1,5 мыңнан астам бейнекамера орнатылып, олар еңбек тәртібінің сақталуын автоматты түрде бақылайды. Бейнеталдау технологиясы құқықбұзушылықтарды дер кезінде анық-

тап, адами фактордың әсерін азайтуға мүмкіндік береді.

Кәсіпорын мәліметінше, 2025 жылғы маусым-тамыз айлары аралығында өндірістегі құқықбұзушылықтар саны шамамен 66%-ға қысқарған. Бұл цифрлық шешімдердің нақты тиімділігін көрсетеді.

Сондай-ақ, бірнеше кәсіпорында ресурстарды есепке алудың автоматтандырылған жүйелері енгізіліп, үдерістердің ашықтығы мен бақылау тиімділігі артты. Бұл шешімдер қаланың инженерлік инфрақұрылымын басқаруда сенімділік пен тұрақтылықты қамтамыз етеді.

Қала әкімі Дархан Сатыбалды атап өткендей, цифрлық шешімдер мен жасанды интеллектіні енгізу нақты нәтижеге, яғни инженерлік нысандардың қауіпсіздігі мен тұрақтылығын арттыруға бағытталуы тиіс. Алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмыстар жалғасып, тиімді цифрлық шешімдер қаланың барлық негізгі инженерлік жүйесіне кезек-кезеңімен кеңейтілетін болады.

■ ТАҒАЙЫНДАУ



«ЖАСЫЛ-АЛМАТЫҒА» ЖАҢА БАСШЫ КЕЛДІ

Тимур Мәлсұлы Елеусізов «Жасыл-Алматы» («Зеленстройдың» заманауи баламасы) коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы болып тағайындалды. Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалдының тапсырмасымен құрылған мекеме қала аумағындағы саябақтарды, скверлерді және жағалауларды күтіп ұстау мен қызмет көрсетумен айналысады. Бұл туралы қаланың қоғамдық кеңістіктерді дамыту басқармасының өкілдері айтты.

Жаңа құрылымның негізгі міндеті – жасыл аумақтарға жүйелі күтім жасау, тәртіп орнату, сондай-ақ оларды күтіп ұстау бойынша жауапкершілікті нақты бөле отырып, тәжірибелік нәтижеге бағытталған бірыңғай тәсілді қалыптастыру.

«Жасыл-Алматы» КММ-ні құру туралы шешім қаладағы жасыл қорды басқару саласында жинақталған мәселелерді, бірыңғай оператордың болмауын және жасыл желектерге күтім жасаудағы бытыраңқы тәсілді ескере отырып қабылданды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

■ ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

ЖОЛАҚЫ ТӨЛЕУ

Қосымша тәсіл іске қосылды

Алматы қаласының «Көлік Ахолдингі» қоғамдық байланыстар қызметінің хабарлауынша, енді жолаушылар Kaspi қосымшасы арқылы автобус ішіндегі ONAY QR-кодын сканерлеу немесе көлік кодын қолмен енгізу арқылы жолақы төлей алады.



Жаңа мүмкіндік ONAY жолақы төлеу жүйесінің қолданыстағы функцияларын кеңейтеді. Сонымен қатар, жолаушылар бұрынғыдай ONAY көлік картасы мен мобильді қосымша арқылы да төлем жасау тәсілдерін пайдалана береді.

■ ТҰРҒЫН ҮЙ

ЖАҢА ЖОСПАРЛАР

Жетісу ауданындағы «Зеленстрой» аумағында көпқабатты тұрғын үйлер салу жоспарланып отыр. Жоба аясында тұрғындарға қажетті әлеуметтік инфрақұрылым да қамтылады.



Аудан сәулетшісі Мәди Бөкейхановтың мәліметінше, мұнда 1200 орынды мектеп, екі балабақша, емхана және коммерциялық нысандар салу көзделген. Әлеуметтік объектілерді инвестор өз қаражатына салып, кейін мемлекет балансы-

на береді. Бірыңғай мемлекеттік жер кадастрының деректеріне сәйкес, «Зеленстрой» аумағы бір меншік иесіне тиесілі үш жер теліміне бөлінген. Бірінші телімнің аумағы – 49,2 гектар, екіншісі – 12,7 гектар, үшіншісі – 2,4 гектар. Аталған үш жер телімінің

барлығы «GREEN PARK» тұрғын үй кешені» ЖШС-не тиесілі. Оның екеуі компанияның жеке меншігінде болса, біреуі уақытша өтеулі жер пайдалану құқығымен берілген.

Әзірлеген Қ.ЖҰМАДИЛОВА.



ТУРИЗМ

«АЛМАТЫНЫ ЖАҚСЫ КӨРІП ҚАЛДЫМ»

Тайландтық қонақ Жаңа жылды Қазақстанда қарсы алды

Жаңа жыл – әр адам үшін үмітке, қуанышқа, ұмытылмас сәттерге толы мереке. Бірі оны отбасымен қарсы алса, енді бірі алыс шетелдерде немесе достарының ортасында өткізеді. Ал тайландтық Hamm (Natt) үшін биылғы мереке ерекше болды. Ол Жаңа жылды Алматыда қарсы алды.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматыға алғаш табан тіреген шетелдік қонақ қаланың қарбалас тіршілігіне, табиғат пен заманауи өмірдің үйлесіміне бірден таңқалды. Алғашқы күндері бәрі тосын көрінгенімен, бес күннің ішінде ол өзін алматылықтардың өміріне етене жақын сезіне бастады.

Накуна Мататаны қаладағы көрнекті қонақүйлердің біріне орналастырып, Алматының ең әсем орындарын көрсеткен – жас отбасы Бағдат пен Гүлім. Олар қонақтарын Шымбұлаққа, Көктөбеге, тау бөктеріндегі сәнді мейрамханаларға апарып, Алматының түнгі шамдарға оранған көркін тамашалатты. Жаңа жыл түні Республика сарайы алдындағы мерекелік кешке апарды.

Алматылықтардың қонақжайлылығы мен шынайы ықыласына тәнті болған Наат мырза бұл әсерін әлеуметтік желідегі парақшасында да бөлісті. «Бүгін мен үшін шын мәнінде ерекше күн болды. Осындай жылы қабылдау мен қам-



қорлықтарыңыз үшін алғысымды сөзбен жеткізу қиын. Шын жүректен рахмет», – деп жазды ол.

Бағдаттың айтуынша, бұл таныстықтың өз тарихы бар: «Өткен жылы анаммен бірге Тайландқа барғанымда

Наат мырзамен таныстық. Сол кезде жақсы араласып кеттік. Қазақ халқы қонақжай халық қой, «Сыйға – сый» дегендей, ол бізді қалай қарсы алса, біз де солай құрмет көрсеткіміз келді. Алдын ала келетінін хабарлаған соң, өзіміз күтіп алып, қонақүйіне орналас-тырдық. Алматының табиғаты мен адамдардың жылылығы оған қатты ұнады. Жаңа жыл түні Астана алаңындағы мерекелік кешке бардық», – дейді Бағдат Мақсатұлы.

Ал тропикалық елде туған тайландтық қонақтың өзі Қазақстанға деген ықыласын сол мезетте бейнежазба арқылы да білдіріпті.

«Менің есімім Наат. Мен Тайландтанмын. Қазір Алматыдамын. Бұл жерде алғаш рет болсам да оның адамдарын, қала мәдениетін, жалпы Алматыны – Қазақстанды жақсы көріп қалдым. Егер бір күні Тайландқа келсеңіздер, мен сіздерді Бангкокта қуана қарсы аламын», – деген ол өз парақшасында.

Міне, Алматыға келген әрбір қонақ өзімен бірге жылы естелік алып қайтады. Тайландтық қонақтың жүрегінен шыққан ықылас – ешқашан ұмытылмайтын ең қымбат сый болары сөзсіз. Иә, Алматы – жүрек жылуын сыйлай білетін ерекше мекен. Мұны қалаға келетін туристер саны да дәлелдей алады. Мәселен, 2025 жылдың қаңтар-қазан айлары аралығында Shymbulak курортына 1,1 миллион турист келген. Ал жаз мезгілінде 450 мыңнан астам қонақ таудың таза ауасында тыныққан.

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 8 қаңтардағы
№1/1-40 қаулысы

**Мемлекет мұқтажы үшін
жер учаскесін алып қоюға
байланысты жер учаскесін немесе
өзге де жылжымайтын мүлікті
мәжбүрлеп иеліктен
шығарудың басталуы туралы**

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік туралы Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Қоғамдық кеңістіктерді дамыту басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 22 желтоқсандағы № 54.1-54.03/594-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоғамдық саябақ аймағын құру үшін Данияр Қайраттың Алматы қаласы, Бостандық ауданы, «Жайлау» шағынауданы, 12/5 учаске мекенжайы бойынша орналасқан, кадастрлық нөмірі 20-313-052-360, ауданы 3,0000 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты, жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.

3. Меншік иесі жүргізілетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 606-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иесін хабардар етсін.

6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін «Алматы қаласы Қоғамдық кеңістіктерді дамыту басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылда-сын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүк-телсін.

Алматы қаласының әкімі **Д.САТЫБАЛДЫ.**

БРИФИНГ

ТЫНЫШТЫҚ КҮЗЕТШІЛЕРІ

Шаһардың жедел қызметтері тынымсыз еңбек етті

Алматыда жаңажылдық мерекелік демалыс күндер тыныш өтті, елеулі оқыс оқиғалар тіркелген жоқ. Полицияның күшейтілген жұмыс режимі мен жедел әрекет ету қызметтерімен бірлескен үйлесімді жұмысының арқасында қала тұрғындары мен қонақтарының қоғамдық тәртібі мен қауіпсіздігі толық қамтамасыз етілді. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Алматы қалалық Полиция департаменті Қоғамдық қауіпсіздік басқармасы бастығының орынбасары Айтан Елеусізов мәлімдеді.

Спикердің айтуынша, 15 желтоқсаннан бастап жеке құрам күшейтілген. Тәртіп сақшылары адам көп жиналатын орындарға – алаңдарға, саябақтарға, жаңажылдық және мәдени-бұқаралық іс-шара өтетін жерлерге баса назар аударған. Мереке күндері елеулі тәртіпсіздіктер болмаған, тек әдетте мереке күндері көбірек тіркеліп жататын кішігірім бұзақылық, сондай-ақ отбасылық-тұрмыстық жанжал сияқты құқық бұзушылық жиілеген. Барлық хабарламаға полиция дер кезінде назар аударған.

Жаңажылдық мереке күндері Алматы қаласының жедел медициналық жәрдем қызметі штаттық режимде, ірікіссіз жұмыс істеді. 31 желтоқсаннан 4 қаңтарға дейін медицина қызметкерлері 11 мыңнан астам өтініш қабылдап, сәтті реанимация жасап, тіпті кейбір әйелдерді үйде босандырған. Осылайша қала тұрғындарына тәулік бойы медициналық көмек көрсетілді. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

баспасөз конференциясында Алматы қалалық жедел медициналық жәрдем қызметі директорының орынбасары Андрей Ложкин осылай деп хабарлады.

**189 бригада
жұмыс істеді**

Оның айтуынша, мереке күндері күн сайын 24/7 режимінде 189 бригада желіде жұмыс істеген. 500-ден астам қызметкер – дәрігерлер, фельдшерлер, жүргізушілер, кіші медициналық және техникалық персонал еңбек етіпті.

Жалпы, 2025 жылғы 31 желтоқсан

мен 2026 жылғы 4 қаңтар аралығында жедел жәрдем қызметіне 11 158 өтініш түсіп, оның 10 059-ына барып қайтты. Жедел жәрдемге ең көп қоңырау әдеттегідей жаңа жыл түні түскен. 1900 шақырту тіркеліпті, бұл орташа тәуліктік көрсеткіштен шамамен 600-ге аз.

«Пиротехникадан жарақаттанып қалатындарға медицина қызметкерлері ерекше назар аударды. Биыл мұндай 20 оқиға тіркелді, оның 11-і балалар. Ең жас зардап шеккен бала 4 жаста болды. Он адам жедел жәрдеммен стационарға жеткізілді, жетеуі дәрігерге өз бетінше жүгініп, үшеуі жарақаты жеңіл болғандықтан ауруханаға жатудан бас тартты», – деді Андрей Ложкин.


Сонымен қатар, мереке күндері жедел жәрдем қызметкерлері бес сәтті реанимация жасаған. Үш адамды үйде босандырып, бір ұл мен екі қыздың дүниеге келуіне көмектесіпті. Жедел медициналық жәрдем қызметі қай күні болсын көмекке мұқтаж әр адамға жедел әрі сапалы медициналық көмек көрсете береді.

Әзірлеген Гүлжанат СЕМБАЕВА.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Айтан ЕЛЕУСІЗОВ,
Алматы қалалық Полиция департаменті Қоғамдық
қауіпсіздік басқармасы бастығының орынбасары:**

Қылмыстың алдын алуға көңіл бөлінді



Қаланың негізгі алаңдарында орнатылған барлық қалалық жаңажылдық шыршалар мен оларға іргелес аумақтар полицияның тұрақты бақылауында болды. Мереке күндері жаяу және автосақшылар жағы күшейтіліп, сақшылардың қосымша күштері, учаскелік инспекторлар мен мамандандырылған бөлімшелердің экипаждары тынбай жұмыс істеді.

1–4 қаңтар аралығында Алматыда 45 қылмыс тіркелді. Олардың 32-сі патрульдік полиция мен учаскелік инспекторлардың күшімен «ізі суымай» жатып ашылды. Сонымен қатар, қоғамда дүрбелең тудыруы мүмкін аса ауыр қылмыстар мен құқық бұзушылықтарға жол берілген жоқ. Осы күндері қылмыстың алдын алуға көп көңіл бөлінді. Алматы қалалық Полиция департаментінде қоғамдық тәртіп пен қала тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстары бұдан әрі де «Заң және тәртіп» қағидаты аясында жалғаса бермек.

6

www.aqshamnews.kz

Аlmaty

AQSHAMY

№2-3 (6681) 9 қаңтар, 2026 жыл

ШЕШІМ

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2025 жылғы 10 желтоқсандағы №267 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2025 жылғы 31 желтоқсанда №220023 болып тіркелді.

ШЕШІМ

2025 жылғы 10 желтоқсандағы №267 Алматы қаласының 2026–2028 жылдарға арналған бюджеті

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 7-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, 91-бабының 3-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**
1. Алматы қаласының 2026–2028 жылдарға арналған бюджеті осы шешімнің 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2026 жылға келесі көлемдерде бекітілсін: 1) кірістер – 2 548 406 711 мың теңге, оның ішінде: салық түсімдері – 2 481 908 384 мың теңге; салықтық емес түсімдер – 12 124 618 мың теңге; негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 29 285 763 мың теңге; арнайы түсімдер – 2 123 448 мың теңге; трансферттер түсімі – 22 964 498 мың теңге; 2) шығындар – 2 699 842 142 мың теңге; 3) таза бюджеттік кредиттеу – 22 581 194 мың теңге; бюджеттік кредиттер – 28 000 000 мың теңге; бюджеттік кредиттерді өтеу – 5 418 806 мың теңге; 4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 64 540 685 мың теңге; қаржы активтерін сатып алу – 64 650 685 мың теңге; 5) бюджет тапшылығы (профициті) – 238 557 310 мың теңге; 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профициті пайдалану) –238 557 310 мың теңге.
2. 2026 жылға арналған республикалық бюджетке бюджеттік алып қоюлардың көлемі 491 887 501 мың теңге сомасында бекітілсін.
3. 2026 жылға арналған қала әкімдігінің резерві 40 000 000 мың теңге сомасында бекітілсін.
4. 2026 жылға арналған борыш лимиті 2 250 608 587 мың теңгені құрайды.
5. 2026 жылға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелердің лимиті 1 435 200 966 мың теңгені құрайды.
6. 2026 жылға арналған «дайын күйінде тапсыру» шартымен құрылыс салу туралы шарттар бойынша мемлекеттік міндеттемелердің лимиті 528 672 150 мың теңгені құрайды.
7. Осы шешімнің 4-қосымшасына сәйкес 2026 жылға арналған жергілікті бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі бекітілсін.
8. Осы шешім 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы мәслихатының төрағасы М.ОТЫНШИЕВ

Алматы қаласы мәслихатының 2025 жылғы 10 желтоқсандағы №267 шешіміне 1-қосымша

Алматы қаласының 2026 жылға арналған бюджеті				
Санаты				Сомасы, мың теңге
	Сыныбы	Атауы		
		Ішкі сыныбы	Специфика	
1				2
				3
			I. Кірістер	2 548 406 711,0
1			Салықтық түсімдер	2 481 908 384,0
	01		Табыс салығы	1 769 536 980,0
		1	Корпоративтік табыс салығы	824 189 461,0
		2	Жеке табыс салығы	945 347 519,0
03			Әлеуметтік салық	509 067 071,0
		1	Әлеуметтік салық	509 067 071,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	79 702 530,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	48 675 439,0
		3	Жер салығы	4 695 422,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	26 331 669,0
	05		Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар	83 633 848,0
		2	Акциздер	23 190 919,0
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	12 457 491,0
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	47 985 438,0
07			Басқа да салықтар	1 100,0
		1	Басқа да салықтар	1 100,0
	08		Зандық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	39 966 855,0
		1	Мемлекеттік баж	39 966 855,0
2			Салықтық емес түсімдер	12 124 618,0
01			Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	5 536 647,0
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	912 027,0
		3	Мемлекет меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер	691 556,0
		4	Мемлекет меншігіндегі заңды тұлғалардағы қатысу үлесіне кірістер	386 300,0
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	3 502 010,0
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	44 754,0
	02		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	10 630,0
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	10 630,0
	03		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	77 341,0
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	77 341,0
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	6 500 000,0
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	6 500 000,0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	29 285 763,0
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	22 817 030,0
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	22 817 030,0
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	6 468 733,0
		1	Жерді сату	5 491 795,0
		2	Материалдық емес активтерді сату	976 938,0
4			Арнаулы түсімдер	2 123 448,0
		1	Арнаулы түсімдер	2 123 448,0
		1	Арнаулы түсімдер	2 123 448,0
5			Трансферттердің түсімдері	22 964 498,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	22 964 498,0
		1	Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	22 964 498,0

Функционалдық топ				Сомасы, мың теңге
Функционалдық кіші топ				
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
		Бағдарлама	Атауы	
			II. Шығындар	2 699 842 142,0
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер	24 764 966,0
	111		Республикалық маңызы бар қала, астана мәслихатының аппараты	393 411,0
		001	Республикалық маңызы бар қала, астана мәслихатының қызметін қамтамасыз ету	391 186,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 400,0
		005	Мәслихаттар депутаттары қызметінің тиімділігін арттыру	825,0
	121		Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты	6 956 121,0
		001	Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің қызметін қамтамасыз ету	6 956 121,0
	123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	6 349 664,0
		001	Қаладағы аудан әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	4 977 432,0
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 372 232,0
	362		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың ішкі саясат басқармасы	272 397,0
		013	Республикалық маңызы бар қала, астана Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	272 397,0
	379		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясы	696 705,0
		001	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	688 873,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	7 832,0
	318		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік активтер басқармасы	1 958 876,0
		001	Жергілікті деңгейде коммуналдық мүлікті және мемлекеттік сатып алу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 208 565,0
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	8 667,0
		011	Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	75 000,0
		014	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	666 644,0
	523		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экономика және қаржы басқармасы	5 689 792,0
		001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту, жергілікті бюджетті атқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5 177 009,0
		002	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	90 790,0
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	27 000,0
		061	Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия мәселелері жөніндегі құжаттаманы сараптау және бағалау	394 993,0
	302		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жастар саясаты басқармасы	348 000,0
		004	Өңірде ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар жүргізуді қамтамасыз ету	348 000,0
	369		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың дін істері басқармасы	2 100 000,0
		001	Жергілікті деңгейде дін қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 543 232,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 128,0
		005	Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау	553 640,0
02			Қорғаныс	17 882 864,0
		515	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасы	756 219,0
		003	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	194 612,0
		004	Аумақтық қорғанысты даярлау және республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумақтық қорғаныс	561 607,0
	373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	2 177 916,0
		030	Жұмылдыру дайындығы және төтенше жағдайлар объектілерін дамыту	2 177 916,0
	387		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы органдардың аумақтық органы	2 623 136,0
		003	Аумақтық органның және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің күрделі шығыстары	2 369 579,0
		004	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың азаматтық қорғаныс іс-шаралары	253 557,0
	515		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасы	12 325 593,0
		001	Жергілікті деңгейде жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	703 878,0
		006	Республикалық маңызы бар қалалар, астана ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын-алу және оларды жою	11 453 415,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	168 300,0
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	69 537 089,0
	352		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	41 826 820,0
		001	Республикалық маңызы бар қала, астана аумағында қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер қамтамасыз ету	38 847 829,0
		003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	18 000,0
		007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 960 991,0
	522		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен қаржыландырылатын қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің атқарушы органы	543 619,0
		001	Қылмыстық жазалардың қоғамнан оқшауламай орындалуын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	543 619,0
	328		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жол қозғалысы және жолаушылар көлігін ұйымдастыру басқармасы	27 166 650,0

		004	Елдімекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	27 166 650,0
04			Білім беру	504 159 920,0
	360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	84 469 954,0
		034	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту	84 469 954,0
	373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	5 725 004,0
		006	Алматы қаласында мектепке дейінгі ұйымдарды сейсмикалық күшейту	1 000 244,0
		037	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялау	4 724 760,0
	323		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың спорт басқармасы	9 152 525,0
		006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	7 731 430,0
		007	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	1 421 095,0
	360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	268 512 145,0
		003	Жалпы білім беру	57 411 845,0
		004	Арнаулы білім беру бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	8 940 769,0
		005	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	2 492 283,0
		008	Балаларға қосымша білім беру	9 823 542,0
		019	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін гранттар беру	68 000,0
		040	Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға	162 758 093,0
